



**ҚҰТҚАРУШЫЛАР
КӨМЕК
КӨРСЕТУГЕ ӘЗІР**

3-бет



**СУДЬЯЛАРДЫҢ
X СПАРТАКИАДАСЫ
ӨЗ МӘРЕСІНЕ
ЖЕТТІ**

4, 5-беттер



ОЙЫНШЫ

8-бет

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№78 (3609) 17 қазан 2023



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

ТҰРАҚТЫ ЗАҢНЫҢ БОЛМАУЫ – ЖҮЙЕНІ АРТҚА ТАРТАТЫН ФАКТОР

Мемлекет басшысы сот жүйесін реформалау саласында айтарлықтай ілгерілеу болу үшін судьялардың кәсібилігіне, сот төрелігі мен сот ісін басқарудың сапасына негізделген түбегейлі жаңа тәсілдерге бет бұру керектігін баса айтты. Алдыңғы жылғы қабылданған реформа біраз мәселені жолға қойғанымен, кемшіліктер әлі де баршылық. Соның бірі – жеке-дара еншісі бөлінбей, Жоғарғы Сот қанатының астында жүрген кассациялық инстанция. Осы және өзге мәселелерге қатысты Алматы қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық алқасының судьясы Сәкенов Советхан Сәкенұлымен сұхбаттасқан едік.

– Өңгіменің шымылдығын жоғарғы кассациялық сот құру маңызынан бастасақ...

– Сот билігі – қазақ даласында кең тараған және дамыған мемлекеттік биліктің формасы. Қазақ халқының мемлекеттік тарихында саяси-құқықтық, әдет-ғұрыптық, мәдени-әлеуметтік заңдардың маңызы зор. Дала өлкесінде әділ соттың «Алтын ғасыры» Төле, Қазыбек және Әйтеке сияқты билер дәуірінде орнағанына тарихи деректер куә. Мысалы, бүгінде АҚШ пен Ұлыбритания сүйенетін прецеденттік құқық біздің билер сотынан алынған әдет-ғұрып құқығы. Оның парқы «пәлен жылда Қазыбек би мына дауды осылай шешіп еді, сол дауға ұқсас дау екен, сондықтан түйткілдің түйіні соған сәйкес шешілетін болсын» дегенге келеді. Бірақ осы прецеденттік құқық бізде пайдаланылмайды. Сол сияқты Жоғарғы кассациялық сот та бір ыңғайға келмеген. Шамамен бес жыл бұрын бізде апелляция мен кассация бір облыстық сотта болған еді.

(Соңы 2-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ СОТЫ: ЖАҢА ҒИМАРАТ ЕСІГІН АШАР КҮН ЖАҚЫН



Қазақстандық соттың мәртебесін биіктетіп, тәуелсіздігін нығайту бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар ұшан-теңіз. Осы мақсатта жүзеге асырылған бұл жұмыстардың нәтижесі де жоғары. Әсіресе, әділдік алаңындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, судьялардың материалдық-техникалық мәселелерін жедел шешу бойынша қолға алынған шаруалар көпшіліктің көңілінен шығып отыр. Бүгінде республика соттарының жайлы да жарық ғимараттарда төрелік етуіне толық жағдай жасалған. Міне, жақында Түркістан облысының соттары да халыққа жаңа ғимаратының есігін ашпақ.

ҚР Сот әкімшілігінің қолдауымен Түркістан облыстық сотының жаңа ғимаратының құрылысы аяқталуға жақын. Оның ашылуы ағымдағы жылдың желтоқсан айына жоспарланған.

Облыстық соттан басқа, мұнда қазіргі уақытта жалға алынған ғимараттарда отырған 7 қалалық сот орналаспақ.

Сот әкімшілігі ірі жобаны сот төрелігін жүзеге асыруға байланысты қызметтердің тиімділігін, қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында іске асыруда. Судьялардың спартакиадасына келген Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев облыстық сот ғимаратының құрылыс барысымен арнайы барып танысты. Қазіргі таңда ішкі әрлеу және электр монтаждау, сондай-ақ аумақты абаттандыру жұмыстары бітуде таяу. Құны 9 млрд теңгеден асатын кешен жалпы ауданы 17,6 мың шаршы метр болатын 3 блоктан тұрады. Ғимараттың тас қалау рәсімі 2021 жылғы желтоқсанның соңында өткен еді.

ТҮЙТКІЛ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІНДЕ ЖҮЙЕЛІ ЖОСПАР ЖОҚ

Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің (ММС) енгізілуіне биыл үшінші жыл. «Емдеу ісінің сапасын, қолжетімділігін әлдеқайда арттырады» деп үлкен үміт артқан бұл реформа, керісінше, сала жұмысын артқа тартып бара жатқандай. Өйткені басқаны айтпағанда, дәрігерге уақытында қаралу мұң болып қалды. Бір дәрігерге кіру үшін алдын ала жазылу қажет. Одан бөлек шектік шкаланың толып қалуы мамандарды айлап күтуге тура келтіреді. Соның кесірінен дерті жанына батқан адамдар амалсыз жекеменшік емханаларға баруға мәжбүр болады. Ал дәрігерлерге, емдеу орындарына қажеттілікті шешу үшін бюджеттен қаржы бөлініп отырған бұл ұйымдарда қызмет ақысы өте қымбат.

Денсаулық сақтау министрлігі бұған бақылау жасап, өз талабын қоя алмай отыр. Парламент Мәжілісіне келіп, Үкімет сағатын өткізген елдің бас дәрігері Ажар Финаят мәселелерді білгеннен, оларды шешуде қауқарсыздығын танытты. Айтуынша, құзыры шектеулі. Соның салдарынан емдеу шарасына арналған ақшаның қымбат аппаратура алуға жұмсалып кететіне, жекеменшік емханалардың қызметін тым қымбатқа ұсынатындығына еш амалы жоқ.

Мұны естіген депутаттардың кейбірі қайтадан бюджеттік қаржыландыруға ауысып, оның әр тиынын бақылауға алу керек деген талап қойды. Олардың айтуынша, әлемнің бірқатар дамыған елдері осы жолда. Қазба байлықтан мол қаржы тауып отырған Қазақстан да ешкімге алақан жаймай, денсаулық сақтау ісін толықтай бюджеттен қаржыландырып, халыққа қолжетімді ете алады.

Министр мұнымен келіспеді. Оның ай-

туынша, міндетті медициналық сақтандыру – саланы дамытудың бірден-бір мүмкіндігі. Осы жүйе енгелі шешіліп жатқан мәселе аз емес. Әрине, проблема көп. Белгілі деңгейде бұған жергілікті әкімшіліктердің, кейбір бас дәрігерлердің ұйымдастыру қабілеттері, жауапкершілікті сезіну деңгейлері де ықпалын тигізуде. Бұл факторлардың салдарын жоққа шығара алмаспыз. Десе де, саладағы түсініксіз жағдайлардың жай-жапсарын министрдің сөзінен гөрі палатаның Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетовтің баяндамасынан тапқандай болдық.

Асхат Қанатұлының айтуынша, бірінші және басты проблема – МӘМС-ті қаржыландыру жүйесінің теңгерімсіздігі. Бұл бастапқыда нақты және жан-жақты есептерге негізделген қаржыландыру үлгісінің жасалмауынан болды. Алғашқыда белгіленген басты параметрлер түбегейлі өзгеріске ұшыраған. Осының салдарынан қаражат жетіспей, қолжетімділік

төмендеді. Тарифтер азайып, кредиторлық берешектер пайда болды. Сөйтіп, МӘМС идеясының беделі түсіп, тіпті осы жүйеге сенбегендіктен, біршама адам оны жоюды талап ете бастады. Бүгінгі таңда МӘМС қоры сақтандыру принциптерінің негізіндегі қор емес, жай ғана қарапайым бюджеттен тыс қорға айналды. Бұл мәселені шешу үшін бюджеттен МӘМС-ке төленетін жарналар, заңға сәйкес, орташа жалақы есебінен төленуі тиіс. Яғни келесі жылдың бюджетінде МӘМС-ке тағы 275 млрд теңге бөлінуі тиіс. МӘМС қорының қаражатын мемлекеттің тікелей міндеттерін орындау үшін жұмсауға тыйым салу керек. Мемлекеттен әлеуметтік санаттарға төленетін жарна ставкасы қайта қаралуы қажет.

Тағы бір кемшілік – медициналық қызметтер халықтың нақты ерекшеліктерін, медициналық көмектің тұтыну көрсеткіштерін, көші-қонды толығымен есепке алмай жоспарланады. Яғни, көптеген проблема нақты және түсінікті әдістеме, айқын қағидаттар мен өлшемдердің жоқтығынан туындап отыр. Мәселен, министрлік медициналық қызмет мөлшерден көп көрсетілді деп ауруханалардың бюджетін азайтып, қаржыны жеткілікті бөлмеуде. Бұл олқылықты жою үшін қысқа мерзімде медициналық қызмет көлемін жоспарлау әдістемесі жасалуы керек.

(Соңы 3-бетте)

ТҮЙТКІЛ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІНДЕ ЖҮЙЕЛІ ЖОСПАР ЖОҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Салалық республикалық әдістемелік орталық пен медициналық университеттер бір адамды емдеу үшін қажет қаражаттың нормасын әзірлеу керек. Сонда ғана ауруханаларға мемлекеттік тапсырыс дұрыс беріледі. Бұндай норматив болмайынша, емханалардағы ұзын-сонар кезек сынды проблемалар жойылмайды.

Сонымен қатар МӘМС пен тегін медициналық қызмет, яғни тегін медициналық көмектің кепілдендірілген пакетіне кіретін қызмет түрлерінің ара-жігі ажыратылуы керек. Сақтандыру жүйесінде болсаң да, болмасаң да, тиісті жағдайларда тегін көрсетілетін медициналық көмектің нақты тізімі болуы тиіс. Шұғыл көмек керек болған жағдайда, барлық азаматтарымыз үшін кепілдендірілген қызмет түрлері қолжетімді болуы керек.

Асхат Аймағамбетов жоғарыда айтылып кеткен емдеу ісінің қолжетімділігіне көлеңке түсіріп тұрған шектік шкалаға да арнайы тоқталып, бұл мәселеге қатысты да ұсыныстарын ортаға салды. Жалпы, шектік шкала – әр медициналық қызмет түрі бойынша әр емханаға нақты белгіленген квота тәрізді тетік екен. Бұл әдіс қаражаттың жетіспеуіне байланысты енгізіліпті. Алайда дайындықсыз қабылданған шешімнің кесірінен, мыңдаған адам уақытылы қызмет ала алмай қалды. Мысалы, шектік шкала шұғыл медициналық көмекке де тиесілі болып, ауруханалар травматологияға жедел түскен науқастарды тек қана бекітілген квотаға сәйкес алу керек. Егер бекітілген шектік шкаладан көп түссе, ауруханаларға қаражат төленбейді. Осылайша шұғыл көмек көрсетуге лимит қойылған. Асхат Қанатұлы бұл талаптың ақылға сыймайтынын, өйткені адам қолын не аяғын қашан сындырып алатынын немесе инфаркт болатынын, уланып қалатынын алдын ала болжай алмайды. Сондықтан ауруханаға келген науқасқа шектік шкала шеңберінде «осы айда ақша таусылды деп, келесі айларды күту керек» деу нонсенс! Сондықтан алдымен



шектік шкаланы жетілдіріп, мекемелерге өз бюджетінің шеңберінде қаражаттарын жылжыту мүмкіндігін беру керек. Одан кейін цифрландыруды жолға қойып, тіпті шектік шкаланы алып тастау қажет.

Сол секілді медициналық қызметтерге арналған тарифтер мәселесін де шешу – кезек күттірмейтін мәселе. Асхат Қанатұлы бұл орайда өсіп жатқан коммуналдық қызметтер, жанар-жағар май, дәрі-дәрмек, азық-түлік бағасының медициналық ұйымдардың шығындарына да үлкен әсер ететініне назар аударды. Тариф арзан, қаражат жеткіліксіз болғандықтан, міндетті төлемдер емдеу шараларынан үнемдеп, дені коммуналдық қызметке, науқастардың тамағына жұмсалып жатыр. Осы себеппен кейбір ұйымдар онсыз да жетпей жатқан штаттарын қысқартуда. Бұл мәселені шешу үшін тарифтерді жыл сайын индексстеу туралы талапты заңнамалық деңгейде бекіту қажет.

Асхат Қанатұлы МӘМС-пен қамтылмаған азаматтардың мәселесіне де айрықша тоқталды. Оның айтуынша, МӘМС жүйесінде тіркелмеген 3 миллионнан астам адамның денсаулығына қатысты проблема ұшығып тұр. Бұл азаматтар сырқаты қатты асқынып кеткенде ғана

шұғыл медициналық көмекке жүгіне алады. Мұны шешу бойынша Денсаулық сақтау министрлігінің осы санаттағы азаматтар үшін жарналарды жергілікті әкімдіктердің есебінен төлеу туралы ұсынысты тиімділігі бойынша күмән бар. Сондықтан ол қайта қаралуы керек. Сонымен қатар Аймағамбетов мырза көптеген мемлекеттік және жекеменшік ұйымдар азаматтарға өздері қызмет ұсынудың орнына, басқа ұйымдарға беретінін, осының салдарынан бір емханаға тіркелген азаматтар қызмет түрлерін алу үшін тұтас қаланы шарлап жүруге мәжбүр болатынын өте орынды айтты. Бұл жағдайды реттеу үшін қосалқы мердігерлікке берілетін қызметтер көлеміне шек қою, оны 30 пайыздан аспайтын мөлшерде заңнамалық түрде анықтауды ұсынды. Депутат нормативтік актілердің жиі өзгеруі, кадрлардың тұрақсыздығы, цифрландырудың әлсіздігінен туындап отырған проблемаларды да ортаға салды. Оның айтуынша, бұл мәселелерді шешу үшін жүйенің нақты есептеулерге негізделген теңгерімді әрі тиімді үлгісін қалыптастыру керек.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ТАЛАНТТАРҒА ТАЛАС КӨП



Басқаруды дамытудың халықаралық институты (IMD) 2023 жылғы Дүниежүзілік таланттар рейтингін (World Talent Ranking 2023) жариялады. Онда он жыл бойы Швейцария рейтингтің көшбасшысы болып келеді. Ел жергілікті таланттарды дамыту, шетелдік таланттарды тарту және оларды ел ішінде қалдыру арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуде тамаша нәтижелер көрсетуде.

Алғашқы бестікте Люксембург, Исландия, Бельгия мен Нидерланды (5-орын) тұр. Бұл елдер шетелдік таланттарды тартудың орталығы болып табылады. Олар басшылардың халықаралық ұтқырлығының негізгі факторы үлкен перспективалар, қауіпсіздік пен тұрақтылық сезімі екенін көрседі.

Онда Қазақстан биыл 64 елдің ішінде 38-орында тұр. Былтыр 39, алдыңғы

жылы 41-орыннан көрінген болатын. Еліміз бұл жолы Латвия (39), Қытай (41), Италия (42), Жапония (43), Польша (44), Венгрияны (48) басып озды.

Жалпы таланттар рейтингіне қатысты елдердің көпшілігі (Сингапур, Швейцария, Германия және Дания) кадрларды кәсіби даярлауға, сондай-ақ қолайлы орта құруға көбірек көңіл бөледі, соның арқасында таланттарды тарту бойынша

өз әлеуетін нығайтады. IMD World Talent Ranking (WTR) – ұзақмерзімді құнды құруға қолжеткізу үшін кәсіпорындар мен экономикаға қажетті құзыреттердің жай-күйі мен дамуын бағалайды. Басқаруды дамытудың халықаралық институты оны отандық және халықаралық жоғары білікті жұмыс күшінің дамуын, сақталуын және тартылуын өлшейтін көрсеткіштер жиынтығын пайдалану арқылы жасайды.

Дүниежүзілік таланттар рейтингінің әдіснамасы бойынша таланттардың бәсекеге қабілеттілігі үш негізгі фактор бойынша анықталады: инвестиция және даму; тартымдылық; дайындық. Олар 31 критерийден тұрады. Алайда әрбір фактордың өлшемдер саны бірдей емес. Мысалы, инвестициялар мен дамуы бағалаудан гөрі, дайындықты бағалау үшін көбірек критерийлер қажет. Соған қарамастан, әрбір фактор, оның құрамындағы критерийлер санына қарамастан, нәтижелердің жалпы консолидациясында 1/3 (3x33,3 ~100) бірдей салмаққа ие.

«Инвестициялар және даму» факторы бойынша 2021 жылы 42-ші, 2022 жылы 30-шы, 2023 жылы 28-ші орыннан көрінді. Егер ондағы нақты көрсеткіштерге көз жүгіртсек, білімге бөлінген жалпы мемлекеттік шығыстарда 27-ші (+9), бір оқушыға шаққандағы білімде 53-ші (-2), оқушы-мұғалім қатынасында бастауыш білім беруде 45-ші (-1), орта білімде 3-ші (-1), шәкірттерде 22-ші (+1), қызметкерлерді оқытуда 17-ші (-4), әйел жұмыс күшінде 9-шы (-4), денсаулық сақтау инфрақұрылымында 41-ші (+2) сатыда болдық. Ал тартымдылық пен дайындық факторларында көрсеткішіміз жақсарған жоқ. Атап айтқанда, тартымдылық бойынша 2021 жылы 39-шы, 2022 жылы 41-ші, 2023 жылы 42-ші орында болдық. Дайындық факторында 2021 жылы 43-ші орыннан көрінсек, 2022-2023 жылдары 44-ші орынға төмендедік.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің «Апаттар медицинасы» орталығы мемлекеттік мекемесінің бұл құрылымдық бөлімшесі министрліктің 2022 жылғы 13 маусымдағы №263 бұйрығына сәйкес құрылған болатын.

ҚҰТҚАРУШЫЛАР КӨМЕК КӨРСЕТУГЕ ӘЗІР



Онда 2023 жылдың ақпанынан бастап қызметкерлер саны ұлғайтылып, наурызда шұғыл медициналық көмек көрсету бригадасының тәулік бойы төрт ауысымдық кезекшілігі ұйымдастырылды. Бүгінгі таңда оның қарамағында реанимациялық жабдықтар мен көлік дөңгелектерінің жиынтығымен және оттегі жабдықтарымен жарақатандырылған Газ-2705 автокөлігінің базасында жасақталған жылжымалы жедел медициналық жәрдем кешені, сондай-ақ УАЗ 39629-016 өтімділігі жоғары санитарлық автомобиль бар. Жыл соңына дейін ЖАК базасында екі жаңа реанимобиль сатып алынбақ. Филиалдың шұғыл ден қою бригадасы «Көктем-2023», «Жер – 2023», «Қазқұтқару-2023» жиын-семинарына, терроризмге қарсы оқу-жаттығуға және Жетісу облысы ТЖД күштерімен бірлесіп, 20 тактикалық-арнайы оқу-жаттығуға қатысты.

«Біздің қарамағымызда «Үшарал» және «Сарқанд» трассалық медициналық-құтқару пункттері (ТМҚП) бар. Олар Алматы-Өскемен трассасындағы жол-көлік оқиғаларының қаупі жоғары учаскелерінде орналасқан. Мәселен, «Үшарал» ТМҚП Үшарал, Аягөз, Достық автомобиль жолдарының, Алматы-Өскемен тас жолының 555-ші шақырымында, «Сарқанд» ТМҚП Алматы-Өскемен тас жолының 419-шы шақырымында орналасқан. Олардың әрқайсысының штабында жеке құрамнан 10 адам бар. Кезекшілік вахталық әдіспен 15 тәуліктен жүзеге асырылады. Бір мезгілде ауысымда 5 адам бар: екі фельдшер, бір фельдшер-диспетчер, құтқарушы-санитар және құтқарушы-санитар (жүргізуші). Жол-көлік оқиғаларына шығу тәулік бойы ТМҚП орналасқан жерден 50 шақырым радиуста жүзеге асырылады. Ағымдағы жылдың 9 айында филиал мен «Үшарал» және «Сарқанд» ТМҚП шұғыл ден қою бригадалары 303 рет шығып, 129 зардап шегушіге медициналық көмек көрсетті, оның 62-сі емдеу мекемелеріне жеткізілді», – дейді филиал жетекшісі Ерлан Екибаев. Оның айтуынша, бригаданың тәулік бойы кезекшілігін ұйымдастырған сәттен бастап төтенше жағдайларға шығу саны артты. Өйткені көптеген төтенше жағдай түнгі уақытта және демалыс күндері өтеді және сегіз сағаттық жұмыс күні бар бригада мұндай шығуларды қамти алмады. Бригада құрамына техногендік және табиғи сипаттағы апаттар кезінде зардап шеккендерге шұғыл көмек көрсету бойынша оқудан өткен, дайындалған медицина қызметкерлері кіреді. 2023 жылдың қыркүйек және қазан айларында санитар-құтқарушылар құтқарушы мәртебесін алу үшін аттестаттаудан өтті.

ТМҚП шұғыл әрекет ету бригадаларының қарамағында 2014 жылы шығарылған реанимациялық жабдықтармен, оттегі жабдықтарымен, суық мезгілде зардап шеккендерді жылытуға арналған аппаратпен, қажетті дәрі-дәрмектер мен таңу материалдарының жиынтығымен, зардап шеккендерді иммобилизациялауға арналған көлік шиналарымен жабдықталған Hyundai caunty реанимобильдері бар. Әрбір ТМҚП-да зардап шеккендерді емдеу мекемелеріне тез және уақытылы жеткізу үшін тікұшақ алаңы жабдықталған.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



СУДЬЯЛАРДЫҢ X СПАРТАКИАДАСЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Түркі әлемінің рухани астанасы Түркістан қаласында Қазақстан Республикасы Судьялар одағының дәстүрлі X спартакиадасының финалдық ойындары өтті. Бұған дейін спорттың 8 түрін қамтыған спартакиаданың іріктеу кезеңдері Алматы, Қарағанды, Атырау мен Қостанай қалаларында өткен болатын.

Дәстүрлі шараға ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды, ҚР Судьялар одағының төрағасы Сәкен Абдолла, сондай-ақ, облыстық соттар төрағалары мен өзге де мемлекеттік органдардың өкілдері, жергілікті халық пен қонақтар қатысты.

Спартакиадада Қазақстан соттары футбол, волейбол, теннис, үстел теннисі, бильярд, арқан тарту, шахмат, дойбы сынды спорт түрлерінен бақ сынады. Жарысқа облыстық соттар төрағаларымен қатар, отставкадағы судьялар да қатысып, көрермендер көзайымына айналды. Мысалы, 71 жастағы қостанайлық Бақытқазы Ордабаев жас әріптестерін басып озып, үлкен теннистен 2-орынды иеленді. Бақытқазы Смағұлұлы «Ең жасы үлкен қатысушы» номинациясымен марапатталса, Абай облысының отставкадағы судьясы Рахымқұл Тұрабаев дойбыдан 2-орын алып, жерлестерінің мәртебесін бір көтеріп тастады.

Шағын футболдан бас жүлде Қарағанды облысы соттарының командасына, 2-орын Түркістан облысы соттарының командасына, 3-орын Ақтөбе облысы судьяларының командасына бұйырды. Тартысты ойындарда үздік өнер көрсетіп, жеңіс туын желбіретуге айрықша атсалысқан судьялар да назардан тыс қалмады. Шағын футболда алматылық Эрнар Карибаев «Үздік қақпашы», түркістандық Айдос Сұлтанов «Үздік қорғаушы», ақтөбелік Рамазан Құстанов «Үздік шабуылшы» номинацияларына ие болды.

Бильярдтан 3-орын Түркістан өңірі командасының ойыншысы Құрманғали Дүйсебековке, 2-орын шымкенттік судья Талғат Кахаровқа бұйырса, жеңіс тұғырына Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Айдар Смағұлов көтерілді. Ал, «Үздік бильярд партиясы» номинациясын ҚР Жоғарғы Сотының судьясы Досжан Әмір иеленді.

Шахматтан судьялар спартакиадасының бірнеше дүркін чемпионы, Алматы облыстық сотының төрағасы Еліс Әбдіқадыров алдына жан салмады. 2-орынды Алматы гарнизоны Әскери сотының судьясы Дихан Әлиасқаров, 3-орынды астаналық Қанат Иманалиев қанжығасына байлады. Батыс Қазақстан облыстық сотының намысын қорғаған Физатолла Қырықбаев «Үздік шахмат партиясы» номинациясымен марапатталды.

Үлкен теннисте шығыстан келген Марат Молдагельдин жеңіске жетіп, ардагер судья Бақытқазы Ордабаев 2-орында, ал түркістандық Мадияр Ташев 3-орынды иеленді. Үлкен теннис бойынша тағайындалған «Шебер ойыншы» номинациясы алматылық Мақсат Қасымовтың еншісіне тиді. Үстел теннисінде де қатысушылар бір-біріне есе жібермеуге тырысты. Дегенмен, Түркістан облысының судьясы Дәулетияр Машрапов 1-орынды талассыз иеленді. Ал, 2-орынды Шығыс Қазақстаннан Нұрлан Нұрсапин, 3-орынды Жамбыл облысынан Мар-

бастап ойнаған Шығыс Қазақстан командасы жеңіс тұғырына көтерілді. Маңғыстау және Алматы облыстарының соттары да өздерінің мықты дайындықпен келгенін көрсетті. Нәтижесінде 2-орынды маңғыстаулықтар, 3-орынды Алматы облысының командасы иеленді. Волейбол бойынша үздіктер номинациясына Ержан Қарабаев, Манат Комиршинов, Ерлан Тасыров ие болды. Ойынның жанкүйері ретінде Алматы облысы соттарының құрамында өнер көрсеткен Бақытжан Ниязов пен Жайық Жанболатовты атап өткеніміз жөн. Бұл байрақты додада кейбір облыстық соттардан бірекі өкіл қатысып жатса, шағын ғана Қонаев қалалық сотынан байрақты додада төрт судья жасындай жарқырап жүрді. Мұның өзі Жайық Кәтеулы бастаған Қонаев қалалық сотының әділ төрелікпен қатар, спортты да шебер меңгергенін дәлелдесе керек.

Спорттың арқан тарту түрі біздің халқымызға ежелден жақын. Бұл додада да судьялар қауымы өздерінің мықтылықтары мен ептіліктерін байқатып, Шығыс Қазақстан бірінші, Солтүстік Қазақстан екінші, Маңғыстау үшінші орындарды өзара бөлісті. Түркістандық Марат Арапов арқан тартуда «Үздік ойыншы» номинациясымен марапатталды.

Дойбыдан 3-орынды алматылық Ұлан Қажықен, 2-орынды Абай облысының отставкадағы судьясы Рахымқұл Тұрабаев, 1-орынды Павлодар облысынан Динара Мұстафина иеленді. «Үздік дойбы партиясы» Батыс Қазақстаннан Бахытгүл Жангироваға бұйырды.

Шара соңында спартакиаданың жоғары деңгейде өтуіне атсалысып, жеңімпаздарды анықтауда қажырлы еңбек еткен төрешілер мен мемлекеттік орган өкілдерін ҚР Судьялар одағы алғыс хаттармен марапаттады. Жеңімпаздарды Қазақстан Республикасының спорт шеберлері, жоғары және халықаралық дәрежедегі төрешілер анықтады.



лен Тілеубеков алды. Үстел теннисінің «Шебер ойыншы» номинациясы ҚР Жоғарғы Сотының судьясы Абай Рахметуллинге бұйырды.

Аса тартысты өткен волейболда 5 команда жарысқа түсіп, облыстық сот төрағасының өзі

Қазақ халқы, әсіресе, оңтүстік өңірі қашаннан қонақжай. X спартакиаданың жоғары деңгейде ұйымдастырылуына Түркістан облысы соттарының әрбір қызметкері айрықша атсалысқанын айтып өткен жөн болар.

ЛЕБІЗ

Сәкен АБДОЛЛА,
Қазақстан Республикасы
Судьялар одағының
төрағасы:

– Бұл негізінен судьялар арасында дәстүрге айналған спорттық іс-шара. Алайда, пандемияға байланысты біраз уақыт тоқтап қалған болатын. Бүгінгі күні қайта жалғасын табуда. Өздеріңіз білесіздер, судьялардың жұмысы оңай емес. Ал спартакиада – судьяларды қызметтен тыс ортада табыстыратын, әріптестік байланысты нығайтатын шара. Ең алғашқы спартакиада 2003 жылы басталды. Биыл, міне, оныншы спартакиадада бас қосып отырмыз. Биылғы жылы спорттың 8 түрінен төрт өңірде жарыс өтті. Солардың жеңімпаздары финалдық ойындарда кездесіп отыр.

Түркістан – тарихы тереңде жатқан қазақтың рухани астанасы. Сол себепті, біз финалдық ойындарды қасиетті мекенде қорытындылауды ұйғардық.

Тұрысбек МЫЯТБЕКОВ,
Түркістан облыстық
сотының төрағасы:

– Спартакиада – бейресми ортада судьялардың басын біріктіретін, ынтымағын арттыратын, командалық рухта тәрбиелейтін шара. Бірталай уақыттан бері үзіліп қалып, биыл жалғасын тапқан осы байрақты доданың Түркістанда қорытындылануы біз үшін үлкен мәртебе, сонымен бірге зор жауаптылық. Бұған дейін еліміздің төрт өңірінде спорттың 8 түрі бойынша сынға түскен судьялар тек төрелік етуге ғана шебер емес, спортта да мықты екенін дәлелдеді. Әсіресе, отставкаға шықса да, сот саласынан да, спорттан да қол үзбеген ардагер судьялардың ісі баршамызға өнеге болуы тиіс.

Қауырт жұмысына қарамастан, Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевтің арнайы келіп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеуі, доданың бел ортасында жүруі әріптестерге ерекше қолдау бергені, рух сыйлағаны анық. Тартысты өткен жарысқа облыстық соттың төрағалары командаларымен келіп қатысты. Бұл біздің әріптестеріміздің сегіз қырлы, бір сырлы екенін, тура төрелікті ғана шебер меңгеріп қоймай, спорттан да жүйрік екенін көрсетеді.

Осындай айтулы шараға Түркістан облыстық сотының ұжымы айрықша дайындалды. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» сайыстың ұйымдастыру жұмыстарына атсалысқан әріптестеріміз бірлік барда алынбайтын қамал жоқ екенін ісімен дәлелдеді. Спартакиаданың әділ өтуіне, қатысушылардың көңілінен шығуына бір кісідей атсалысқан Түркістан облыстық сотының әрбір қызметкеріне басымды иіп алғысымды айтамын! Республиканың түкпір-түкпірінен келген судьяларға риясыз қызмет көрсетіп, ризашылығына ие болған әрбір әріптесіміз мақтауға лайық!





**Ербол ЖАНҒАЗИН,
Солтүстік Қазақстан
облыстық сотының
төрағасы:**

– Біз солтүстіктен келдік, аймақтық жарыста арқан тартудан жеңіске жеткен болатынбыз. Бүгін ең мықты командалармен ақтық сынға түсеміз. Қай салада болмасын, қызметкерлердің ұжымдық шаралары оларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Біз үшін спартакиада өміріміздің ең жарқын кезеңі саналады, әрбір басқосуды асыға күтеміз. Судьялар бір серпіліп қалады... Денсаулығы жақсы адамның жұмыс істеу қабілеті жоғары болады. Сот жүйесінде дәстүрге айналған дүбірлі додаға келген әріптестеріміздің әрқайсысының жеңіске жетіп, мәртебесінің артуын тілеймін.

**Досжан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының
судьясы:**

– Киелі Түркістан жерінде Судьялар одағының ұйымдастыруымен өткізіліп жатқан спартакиада ойындарына қа-

Түркістан төрінде өткен спартакиадада оза шауып, жеңіс тұғырына көтерілген әріптестерімізді жүлделерімен құттықтаймыз. Судьялар қауымының басын қосып, бірлігін нығайтатын жақсы іс алдағы уақытта да жалғасын таба берсін!



**Ерден ӘРІПОВ,
Қарағанды
облыстық сотының
төрағасы:**

– Халқымызда «Тәңі саудың – жаны сау» деген сөз бар. Бұл бекер айтылмаған. Спорттық ойындар ең алдымен денсаулыққа пайдалы. Одан кейін ұжымдағы бірлікті арттырады. Пандемия кезінде жарысты өткізуге бес жылдай мүмкіндік болмай қалғанымен, қазіргі таңда жақсы бастама жандануда. Өңірлік іріктеу ойындарында жеңіс тұғырынан көрінген командалар мен жекелеген судьялар бүгін ақтық сайысқа түсті. Бұл шараның Түркістанда өтуі – біз үшін жоғары мәртебе.

Түркістан облысының құрылғанына бес жыл болады. Біздің республикалық деңгейдегі шара осы атаулы датаға сай келуін жақсылыққа балап отырмыз. Әріптестеріміз жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектеспін. Біздің облыстан футбол командасы келді, жеңістен үміттіміз, әрине.

тысқанымға өте қуаныштымын. Спартакиада осыдан 20 жыл бұрын Қайрат Әбдіразақұлы ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы, Бекет Тұрғараұлы Солтүстік Қазақстан облыстық сотының әрі Судьялар одағының төрағасы болып тұрған кезде Судьялар одағының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының мұрындық болуымен басталған еді. Жалпы, мемлекеттік қызметкерлер, оның ішінде судьялар үшін спорттық шаралардың берері көп. Осындай шараның өтуіне қолдау көрсеткен

ҚР Жоғарғы Сотының төрағасына, Судьялар одағының төрағасына алғысымызды айтамыз. Сондай-ақ, жақсы істің жаршысы болған Түркістан облыстық сотының төрағасына, ұжымына, жергілікті билікке де ризашылығымызды білдіреміз.

Түркістанның бес жыл ішінде қалай көркейгенін көзімізбен көріп, айрықша сезімге бөлендік. Мұндағы негізгі мақсат – жеңу емес, ел спортының дамуына үлесімізді қосу. Ертеден кешке дейін жұмыстан бас алмай жүрген судьялар қауымдастығы үшін де спорттың пайдасы ұшан-теңіз. Бабаларымыз «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» дейді. Спорт кез келген адамға көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Судьялар бүгін өздерін тағы бір қырынан көрсетеді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар игі шаралар көбейе берсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Сәкен АБСАМЕТОВ,
Түркістан облысы кәмететке
толмағандардың істері
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы:**

– Спартакиаданың тарихы тереңде жатыр. Ол кезде мен Судьялар одағының хатшылығында жұмыс істедім. Александр Рекин одақтың хатшысы болды. Солтүстік Қазақстан облыстық сотының алқа төрағасы Досжан Сарманқұлұлының судьялар арасында футболдан жарыс өткізу туралы ұсыныс жасағаны есімде. Бұл ұсыныс Жоғарғы Соттың сол кездегі төрағасы Қайрат Әбдіразақұлы тарапынан қолдау тапты.

Судьялар одағының орталық кеңестерінде арнайы жиындар өтіп, ұйымдастыру шаралары талқыланды. Бұдан соң қажетті құжаттар дайындалды. Осындай жарыстарды ұйымдастырып жүрген мемлекеттік мекемелермен тәжірибе алмасып, мықты төрешілердің пікірлері тыңдалды. Спартакиаданы аумақтық жарыстардан бастадық. Әр облыстан келген жарысқа қатысушыларды күтіп алып, орналастыру, шығарып салудың өзі оңай шаруа еместігіне көз жеткіздік. Барлығының басы-қасында жүрдім. Судьялардың спорттық шараларға атсалысуы қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ететінін дәлелдеді. Жеңісті, жемісті күндеріміз көп болсын!

**Мықтыбек ЗӘУІРБЕКОВ,
отставкадағы судья:**

– 25-30 жылдай әділет, сот салаларында еңбек еттім. Судьялар спартакиадасына футбол, волейбол ойындары бойынша өзім де талай қатыстым. Қазір отставкадамын. Жанкүйер болып сот ардагерлерінің атынан келіп отырмын. Өзім әр облыста қызмет атқарғандықтан, батысқа да, шығысқа да, барлық облыстың судьяларына жанкүйермін.

«Денсаулық – зор байлық» деген, соттардың да спортпен айналысатынына, сала қызметкерлері арасында мықты спортшылар бар екеніне халық куә болуда. Елімізде спортты жандандыруға барынша көңіл бөлініп жатқанына қуаныштымыз. Мұндай шаралар өте пайдалы әрі керек. Сондықтан жиі ұйымдастырылуы тиіс деп ойлаймын.

**Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газеті»**

жеңімпаздарды іріктеуге қатысты күмән-күдіктің туындауына тосқауыл қойды. Ал бұл – сайыстардағы ең басты принцип.

Спартакиада – сот саласында тер төгіп жүрген судьялар арасында салауатты өмір салтын насихаттаудың кепілі. 2013 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан маңызды шара сот ұжымдарының арасындағы бірлікті нығайтуға, командалық рухты қалыптастыруға көмектесті. Сайыстарда сот намысын қорғаған судьялардың өзі қатысқан спорт түріне біржола ден қойып, арнайы жаттығып жүргені белгілі. Бұл да болса спартакиаданың бір артықшылығы.

Спорт додасына келген облыстық сот төрағалары Ерден Әріпов, Ербол Жанғазин, Еліс Әбдіқадыров, Қайрат Чакпантаев, Манат Көміршінов, Бақытжан Қараманов, Бек Әметов, Ербол Ахметжанов, Айдар Смағұловтар өз командаларына жарыс алаңында қолдау көрсетіп, спартакиаданың маңызын, мәнін еселей түсті. Судьялар асыға күткен спартакиада өз мәресіне жетіп, шын жүйріктер жеңіс тұғырына көтерілді. Әріптестік байланысты нығайтатын жақсы іс алдағы уақытта да жалғасын табарына сенімдіміз.



ТҮЙІН

Республика судьяларының басын қосқан спорт мерекесі жоғары деңгейде өтті. Бұл шараны ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелген Түркістан облыстық соты спартакиаданы талапқа сай өткізумен бірге, еліміздің әр өңірінен келген қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, өз қабілет-қарымын көрсетуіне барлық жағдайды жасады. Сонымен бірге, киелі Түркістан жеріне табаны тиген қонақтардың жақсы әсермен, тоқ көңілмен еліне қайтуына көңіл аударылды. Шара барысындағы жинақы жұмыс Түркістан облыстық сотының төрағасы Тұрысбек Мыятыбеков жетекшілік ететін сот ұжымында ынтымақтың мығым, бірліктің бекем, татулық тамырының терең екенін көрсетіп берді. Ұйымдастыру шараларының тыңғылықты орындалуы ұжымның «біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін» қағидасымен қызмет ететінін айғақтайды.

Спорт сайыстары әділ өтуі үшін қазыларға білікті, тәжірибелі сарапшылардың іріктелгенін де айта кеткеніміз жөн. Осындай ыждағаттылықпен атқарылған сайыс жүлдеге,

